



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ғылыми-теориялық негізін әлемдік деңгейдегі методологиямен салыстырып, теориялық, эмпирикалық зерттеу жасай алатын және ғылыми дискуссияға түсе алатын мәдениетті педагог-ғалым PhD докторды дайындау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

- оқытушылық;
- тәрбиелілік;
- әдістемелік – филологиялық білім беруге тиімді педагогикалық технологияларды іріктейді;
- зерттеушілік – дидактикалық әдебиет пен лингводидактика мәселелерін, білім бағдарламаларын саралайды, білім беру салаларындағы нәтижелерді зерттейді;
- әлеуметтік-коммуникативтік;

БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ОН 1.** Ғылыми мақала мен диссертация жазу талаптарын, құрылымын анықтап, ғылыми әдебиеттер мен тұжырымдарды, терминдерді қолдану жолдарын игереді;
- ОН 2.** Гипотеза құруды, ғылыми талдау жасауды, сілтемелерді пайдалануды, сыни талдау жасауды меңгереді, плагиаттан сақтану жолдарын анықтайды;
- ОН 3.** Ғылыми зерттеудің жалпы логикалық әдістеріне, эмпирикалық зерттеу әдістеріне, теориялық зерттеу әдістеріне талдау жасай алады;
- ОН 4.** Филологиялық, педагогикалық герменевтика мен лингводиактикалық, лингвометодикалық зерттеу әдістері негізінде креативті, сыни, шығармашылық ойлауды дамыту технологияларын зерделейді;
- ОН 5.** Алаш зиялыларының әлемдік деңгейдегі білім парадигмасына сай келетін озық үлгідегі дидактикалық зерттеулерін, білім беруге қатысты педагогикалық-психологиялық тұжырымдарын зерделеп, қазіргі ұлттық білім беру саясатымен байланыстырады;
- ОН 6.** Отандық және әлемдік деңгейдегі классикалық әдебиеттердің, модернистік, постмодернистік шығармалардың, проза, поэзия жанрындағы әртүрлі мәтіндердің интеграциясындағы инновациялық технологияларды пайдалана алады;
- ОН 7.** Тіл мен әдебиетті оқытудың әлемдік деңгейдегі тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту технологияларын саралайды;
- ОН 8.** Ғылыми-педагогикалық қызметтегі іскерлік қарым-қатынасты сәтті ұйымдастыруды, педагогикалық шешендікті игереді;
- ОН 9.** Дидактикалық әдебиет пен лингводидактиканың ұстанымдарын, зерттеу әдістерін жалпы методологиясын заман талабына сай қолданады.